**Павлодар облысы Май ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы**

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 89/9 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қаңтарда N 2859 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы " Заңы 11 бабының 3) тармақшасына, Май ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 7 мамырдағы (III сайланған VII сессиясы) "Ауданның кейбір ауыл және селолық округтерінің дербес әкімшілік-аумақтық бірлік статусы туралы" N 4/7 шешіміне, облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17 қарашадағы "Май ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 274/9 қаулысына сәйкес облыстық Мәслихат пен облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

Павлодар облысы Май ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

үлкен Ақжар ауылының әкімшілік аумағына бағыныштылығындағы Шоқпар ауылы, Май селолық округінің Охра ауылы, Ақшиман селолық округінің Разведка, Қарашеңгел, Жаңабаз, Ақшиман, Қалмаққырған ауылдары, Баскөл селолық округінің Комсомол, Қарағанды, Талды ауылдары, Саты селолық округінің Ағит ауылы, Қазан селолық округінің N 5 бригадасы, Малайсары селолық округінің N 3 және N 4 бөлімшелері, Кеңтүбек селолық округінің N 2 бөлімшесі елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты таратылсын және кейіннен есептік деректерден шығарылсын;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы А. Гуськов*

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*

*Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК